

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақы мөлшерін белгілеу туралы

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 23/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 ақпанда № 6246 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Железин ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция Департаменті Железин ауданының полиция бөлімі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Кашкиров

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Павлодар облысының

полиция Департаменті

Железин ауданының

полиция бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ғ. Сарғұлов

2019 жылғы "29" қаңтар

Железин ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "31" қаңтардағы

№ 23/2 қаулысына

қосымша

Железин ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) Железин ауданы әкімінің Құрмет грамотасы;
- 2) Железин ауданы әкімінің Алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермелеудің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция Департаменті Железин ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Железин ауданының ПБ) енгізеді;

3) Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады;

4) Железин ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарды көтермелеуді Железин ауданының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.